



“ФАРМАЦИЯ”

ТОБЫ

Таныстыру

Таласып алтын күзбенен
Шипалы шөпті іздеген,
Дертіңе дауа табатын
Фармацевттерміз біз деген!
Ойыңа алып көрмеген
Кездесе науқас көлденен
Дайындалған дәрі бар
Химиялық жолменен.
Босқа уайым қылмашы
Түсіріп еңсе сынбашы

Сіз үшін бізде мінекей
Дәрілік шөптер тұнбасы.
Сөздің біз айтсақ төтесін

Фармация тарихы

”Фармация” терминінің шығу тегі өте ерте кезеңге жатады. Египеттің фармаки (қауіпсіздік сыйлаушы) сөзі гректің фармакон (дәрі)сөзіне негіз болды. Алдымен Ежелгі Грецияда, сонан кейін басқа халықтарда да дәріні дайындау және сатумен байланысты қызметтердің барлығына түбірі фарма немесе фармако болатын сөздерді бере бастады. Мысалы, Ежелгі Римде дәрілік ісінің мамандары *pharmaceutae*, *pharmasoroae* деп аталды. Фармация-дәрілерді және емдік алдын алу заттарын алу, өңдеу, бақылау, сақтау, дайындау және жіберу сұрақтарымен айналысатын практикалық білім мен ғылымның жиынтығы. Араб алхимигі ар-Разидің қызметі. Басқа араб алхимигі ар-Разидің (865-925) қызметі соңғы кезеңге сәйкес келді. Ол медицинамен және алхимиялық тәжірибелермен айналысты. Бізге дейін оның “Құпиялар кітабы” және “Құпиялар құпиясының кітабы” деген шығармалары жетті. Ар-разидің шығармаларында әртүрлі заттар, химиялық ыдыстар және әртүрлі зертханалық тәсілдер келтіріледі. Ар-Рази заттарды үш үлкен топқа жіктеді: топырақты (минералды), өсімдік және жануар текті. Минералды заттар ар-Рази бойынша ең кең тарағаны және 6 бөлімнен тұрады: 1) спирттер (сынап, мүсәтір және т.б.); 2) дене (алтын, күміс және т.б.); 3) тастар; 4) ашудас; 5) бура; 6) тұздар. Спирт деп ар-Рази қыздыру кезінде қалдықсыз ұшып кететіндердің бәрін атады. Ар-Рази Бағдадта аурухананың негізін салды. Аурухананы салатын орынды іздеуде оның өз тәсілі болды. Ол ет кесектерін әр жерге іліп тастады. Қай жерде ет кесектері шірімей ұзақ сақталса, сол жер аурухана салу үшін қолайлы таза жер деп есептеді. Ауруханалардан кейін Араб халифатында алғашқы дәріханаларда пайда бола бастады. Алғашқы дәріхана Бағдадта 754 жылы ашылды. Бұл дәріханаларда дәрілік заттарды дайындау ережесін енгізді. Науқастарды емдеу үшін жеңіл іш жүргізетін заттарды: сенна, тамаринді қолданды. Арабтардың фармациясында ерекше орынды улар және оларға қарсы заттар туралы ілім алады. Сөз-терминдер: алкоголь, юлен (парсыша-раушан суы), лоох, нафта, камфора, безоар және көптеген басқалары-араб сөздері. Арабтар фарм. практикаға қант (балдың орнына) және дәрілік сироптарды енгізді.



Дәрілерді дайындаушы фармацевт міндеттері:

- рецептер бойынша дайындау технологиясын сақтай отырып, рецепте жазылған дәрілік формаларды уақытында дайындау;*
- бекітілген тәртіптерге сәйкес барлық дайындалған дәрілік формаларға жазбаша бақылау паспорттарын толтыру;*
- ұнтақтарды бөлшектеу, ерітінділерді сүзу т.б. Барлық қосымша жұмыстарды фасовщиктерге тапсыру және оларға жұмыс ерекшеліктерін түсіндіру;*
- жұмыс орнында санитарлық ереже талаптарын сақтау;*
- өзінің кәсіптік мамандық деңгейін үнемі жоғарлату, жұмысында озық тәжірибелер мен ғылыми жетістіктерді қолдану.*

